

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына әкімшілік үйлерін,
мейманханаларды иелену, пайдалану және иелік ету құқықтарымен беру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қаңтар N 28. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.05.13. N 592 қаулысымен. ~P960592

Қазақстан Республикасының Үкіметі үкімет мекемелері қызмет үйлерін тиімді пайдалану мен ұстаудың төмен деңгейде екенін, мемлекеттік меншікті басқарудың, әсіресе министрліктер мен ведомстволар, мемлекеттік холдинг компаниялары мен акционерлік қоғамдардың жасалған тетігін жүзеге асыруда заңдылықтың сақталуына бақылаудың әлсірегенін атап өтеді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Аппараты жүргізген тексерулердің нәтижесінде үйлерді пайдалануда көптеген тәртіп бұзушылықтың беті ашылды. Іс жүзінде мемлекеттік мекемелер үйлерінің тұтас кешендері көптеген коммерциялық құрылымдарға жалға берілгенімен, жалға беруге түскен қаржыға тиісті бақылау жоқ, нәтижесінде коммуналдық қызметтер мен пайдалануға жалгерлердің төлемдерінде аса көп берешек құралған. Жаңадан құрылған мемлекеттік басқару органдарын орналастыру үшін алаң-жайлар тапшылығы қолдан жасалуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік мекемелерді орналастыру, бұрынғы министрліктер мен ведомстволардың орынды акционерлендірілуіне, бұл компаниялардың жарғы қорынан әкімшілік үйлерін заңды ретімен шығарылуына тексеру мен бақылау мәселелері бойынша тапсырмаларын орындау мерзімі бұзылуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының жедел басқаруына берілген "Қазақстан", "Алматы", "Жетісу" мейманхана кешендеріне қатысты тәртіп бұзушылық орын алған. Тұру және тамақтанудың біртұтас технологиялық циклі бұзылған. Мейманхана кешенін әртүрлі шаруашылық субъектілердің бірнеше басшысы басқарады.

Аталған тәртіп бұзушылықты жою, тиісті тәртіп орнату және қызмет үйлері мен мемлекеттік кешендерді тиімді пайдалануға бақылау жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті (С.С.Қалмырзаев):

Үкімет мекемелері әкімшілік үйлерін пайдалануда орын алған кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес бір ай мерзімде

жойсын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына әкімшілік үйлер, "Қазақстан", "Алматы", "Жетісу" мейманхана кешендерін иелену, пайдалану және иелік ету құқықтарымен, қосымшаға сәйкес, 1996 жылдың 1 ақпанына дейін берсін.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен акционерлік компаниялар мен қоғамдардың жарғы қорынан әкімшілік үйлерді шығаруды 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін аяқтасын;

әкімшілік үйлерді акционерлік қоғамдар мен холдингтердің жарғы қорына беруді тек қана Қазақстан Республикасы Үкіметінің арнайы шешімдері негізінде жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты:

әкімшілік үйлерді, "Қазақстан", "Алматы", "Жетісу" мейманхана кешендерін белгіленген тәртіппен, аталған қосымшаға сәйкес, иелену және пайдалану иелік ету құқықтарымен қабылдасын;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына иелену, пайдалану және иелік ету құқықтарымен берілетін Алматы қаласындағы әкімшілік үйлердің ақырғы тізбесін 1996 жылдың 1 ақпанына дейін айқындасын;

қабылданатын объектілердің жай-күйіне тексеру жүргізсін; қаржы берешектері мен жалдау шарттарының ережелері бұзылғаны анықталған жағдайда тигізілген зиян сомасын өндіріп алу, жалдау шарттарын бұзу және аталған тәртіп бұзушылыққа жол берген ұйымдарды шығару жөнінде шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасының Жоғары және орталық мемлекеттік органдарын Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясымен, мүдделі министрліктер және ведомстволармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына иелену, пайдалану және иелік ету құқықтарымен берілетін Ақмола қаласындағы әкімшілік үйлер және қызмет көрсету объектілерінің бастапқы тізбесін 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін айқындасын;

Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының қарамағына әкімшілік үйлер мен мейманхана кешендерін беру кезінде жүктелетін функциялары ескеріліп, Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өндірістік-пайдалану бірлестігінің мәртебесін өзгерту жөніндегі ұсынысын 1996 жылдың 1 ақпанына дейін енгізсін.

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының Өндірістік-пайдалану бірлестігі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 қарашадағы N 1545 қаулысындағы 2-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппарат Басшысының бірінші орынбасары Б.Т.Биманбетовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
8 қаңтардағы
N 28 қаулысына
қосымша

Иемдену, пайдалану және иелік ету құқықтарымен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына
берілетін Алматы қаласы бойынша әкімшілік
үйлерінің
Тізімі

N р/с	Ұйымдардың атауы	Әкімшілік үйлерінің мекен-жайы
1	2	3
1.	Қазақстан Республикасының Геология және Жер қойнауын қорғау министрлігі	Достық даңғылы, 85
2.	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі	Абылайхан даңғылы, 63

3. Қазақстан Республикасының
Мәдениет министрлігі Гоголь көшесі, 35
4. Қазақстан Республикасының
Білім министрлігі Жамбыл көшесі, 25
5. "Достық" спорт
кешені Абай даңғылы, 48
- <*>
6. Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және сауда
министрлігі Гоголь көшесі, 111
7. Қазақстан Республикасының
Халықты әлеуметтік қорғау
министрлігі Қонаев көшесі, 122
8. Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі Республика алаңы, 15
9. Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі Абылайхан даңғылы, 97
Абылайхан даңғылы, 93/95
10. Қазақстан Республикасының
Экономика министрлігі Желтоқсан көшесі, 115
11. Қазақстан Республикасының
Экология және биоресурстар
министрлігі Панфилов көшесі, 106
12. Қазақстан Республикасының
Энергетика және көмір
өнеркәсібі министрлігі Бөгенбей батыр көшесі, 142
13. Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі Әділсот Үйі
Әйтеке би көшесі, 67
14. Қазақстан Республикасының
Кеден комитеті Жибек жолы көшесі, 127
- <*>
15. Қазақстан Республикасының
Мемстаткомы Абай даңғылы, 125
16. Қазақстан Республикасының
Су ресурстары жөніндегі

комитеті Желтоқсан көшесі, 118

17. Қазақстан орман орналастыру
кәсіпорны (Қазорманжоба) Жібек жолы көшесі, 15

<*>

18. Қазақстан Республикасының
Мемкенқадағалаукомы Зенков көшесі, 80/84

19. Қазақстан Республикасының
Қазгеодезиясы Төлеби көшесі, 155

20. Қазақстан Республикасының
Стандарткомы Алтынсарин даңғылы, 83

21. "Қазақстан теледидары мен
радиосы" республикалық
корпорациясы Республика алаңы, 13

22. Қазақстан Республикасының
Еңбек министрлігі Бөгенбай батыр көшесі,
152

<*>

23. Қаржы-валюталық бақылау
комитеті Айтеке би көшесі, 58

24. Қазақстанэнерго Шевченко көшесі, 162 ж

25. Қазгипрогаз институты Сейфуллин көшесі, 521

<*>

26.

<*>

27.

<*>

28. "Сайкес" халықаралық
Ынтымақтастық орталығы
(бұрынғы Саяси ағарту Үйі) Достық даңғылы, 85

29. "Легпром" ҒТЗО Фурманов көшесі, 50

30. Экономика және нарықтық
қатынастар ҒЗИ Абай даңғылы 52 а

31. "Алматыгипротранс" МЖИ Пушкин көшесі, 2

32. Мемлекеттік жер ресурстары Әуезов көшесі, 107

<*>

мен жерге орналастыру ғылыми-өнді.

рістік орталығы (ГосНПЦзем)

33. Мем НПЦ "Зем" Абай даңғылы, 115

34. "Қазақстан" мейманхана
шаруашылығының бірлестігі

35. "Жетісу" мейманханасы

36. "Алматы" мейманханасы

37. "Тағам" акционерлік компаниясы Мәуленов көшесі, 92,
1 павильон

<*>

38. "Тоған" мемлекеттік акционерлік
компаниясы Жандосов көшесі, 58

<*>

39. Қазақстан Республикасының Баспа-
сөз және бұқаралық ақпарат істері
жөніндегі ұлттық агенттігі Мечников көшесі, 84

<*>

40. "Сантехпроект" және "Қазсталь.
конструкция" жобалау институттары Жандосов көшесі, 2

<*>

41. Қазақстан Республикасының Экология
және биоресурстар министрлігі Панфилов көшесі, 106а

<*>

42. "Қазгипроводхоз" институты Жибек жолы көшесі, 127

<*>

43. "Тұрғынүйкұрылысбанкi" үйіне
қосымша құрылыс Шевченко көшесі, 100

<*>

44. Қазақстан Республикасының Баға

және монополияға қарсы саясат
65/69

Наурызбай батыр көшесі,

<*>

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді -
ҚРҰ-нің 1996.04.29. N 526 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК